

Кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2026 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 19 маусымда № 39007 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.07.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік көмек департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі

А. Ертаев

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
2026 жылғы 19 маусымдағы
№ 254 бұйрығымен
бекітілген

Өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 31 мамырдағы № 192 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32659 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін: көрсетілген бұйрықпен бекітілген Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау және төлеу қағидаларында:

2-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) Мемлекеттік корпорацияның филиалы – Мемлекеттік корпорацияның астанадағы, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардағы филиалдары;"

көрсетілген Қағидалардың 14-қосымшасына орыс тілінде өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген Қағидалардың 16-қосымшасына орыс тілінде өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген Қағидалардың 22-қосымшасы осы тізбенің 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 23-қосымшасына орыс тілінде өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

2. "Арнайы комиссия туралы үлгілік ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 17 тамыздағы № 344 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33314 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Арнайы комиссия туралы үлгілік ережесінде:

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) арнайы комиссия (бұдан әрі – Комиссия) – мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасылардың) өтінішін қарау бойынша астана, республикалық маңызы бар қала, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;"

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Комиссия астана, республикалық маңызы бар қала, аудан (облыстық маңызы бар қала), қаладағы аудан аумағында тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган болып табылады. Комиссия өз жұмысын ашықтық, жариялылық, алқалылық және әділдік қағидаттарында ұйымдастырады.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Комиссияның қызметін бақылауды астана, республикалық маңызы бар қала, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің әлеуметтік қорғау мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары жүзеге асырады.";

10 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Астана, республикалық маңызы бар қала, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі орынбасары Төраға болып табылады.

11. Жергілікті уәкілетті орган – ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), қаладағы ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері, астананың, республикалық маңызы бар қаланың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

Комиссия хатшысының міндеті осы басқарманың, бөлімнің маманына жүктеледі.";

көрсетілген Үлгілік ереженің қосымшасы осы тізбенің 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2026 жылғы 26 мамырдағы № 195 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 38809 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесінің (бұдан әрі – Тізбе) 16-қосымшасында:

реттік нөмірі 10-жолдың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"

10	1) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат (жеке куәлік, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетел азаматының тұруға ықтиярхаты, не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін);
----	--

".;

көрсетілген Тізбенің 20-қосымшасы осы тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Тізбеге 1-қосымша
Арнаулы мемлекеттік
жәрдемақы тағайындау
және төлеу қағидаларына
22-қосымша
Нысан

Код _____
Облыс (қала)

_____ облысы (қаласы) бойынша Халықты
әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті департаментінің
20__ жылғы "___" _____ № _____ ШЕШІМІ Істің № _____
Арнаулы мемлекеттік жәрдемақының мөлшерін өзгерту туралы
Азамат (ша) _____
(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Жынысы: _____
Туған күні: _____ жылғы "___" _____

_____ санаты бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы мөлшері 20__ жылғы "___"
_____ дейін _____ теңге (сомасы жазбаша).

Айлық есептік көрсеткіштің, ең төменгі күнкөріс деңгейінің өзгеруіне байланысты
арнаулы мемлекеттік жәрдемақының жаңа мөлшері бекітілсін:

(нормативті құқықтық актінің атауы, нөмірі және күні)

20__ жылғы " __ " _____ бастап арнаулы мемлекеттік жәрдемақы
мөлшері _____ теңге.

(сомасы жазбаша)

20__ жылғы " __ " _____ бастап 20__ жылғы " __ " _____
дейін арнаулы мемлекеттік жәрдемақы мөлшері _____
_____ теңге.

(сомасы жазбаша)

Департамент басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Басқарма (бөлім) басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Маман _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Шешім жобасын дайындағандар:

Мемлекеттік корпорация облыстық филиалының директоры

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Мемлекеттік корпорация облыстық филиалының маманы

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің маманы

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Тізбеге 2-қосымша
Арнайы комиссиялар туралы
үлгілік ережеге
қосымша
нысан

Арнайы комиссияның қорытындысы 20__ жылғы __ №

Арнайы комиссия өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік
көмек алуға өтініш берген адамның (отбасының)

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) өтінішін және оған қоса берілген құжаттарды қарап, адамға (отбасыға) мұқтаж болуына байланысты төмендегідей себептер бойынша:

(қажеттілігі, қажеттілік жоқтығы)
әлеуметтік көмек ұсыну туралы қорытынды шығарады.
Әлеуметтік көмек мөлшері _____ теңге.

(сомасы жазбаша)
Комиссия төрағасы: _____
Комиссия мүшелері: _____

(қолдары) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)
Қорытынды қоса берілген құжаттармен __ данада 20 __ ж. " __ " __ қабылданды

Құжаттарды қабылдаған жергілікті уәкілетті орган қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы, қолы

Тізбеге 3-қосымша
Арнаулы мемлекеттік
жәрдемақы тағайындау және
төлеу қағидаларына
20-қосымша
Нысан

Елтаңба/Герб Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алушының КУӘЛІГІ УДОСТОВЕРЕНИЕ получателя специального государственного пособия	Куәлік № _____ Удостоверение _____ (тегі/фамилия) _____ (аты/имя) _____ (әкесінің аты (ол болған жағдайда)/ отчество (при его наличии)) " __ " _____ жылы/года (туған жылы/дата рождения) Сурет/фото Мөр орны/Место печати Бөлімше бастығы _____ Начальник отделения
---	---

	Берілген уақыты " __ " _____ 20__ жылы/года Дата выдачи
1. Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі _____ бабының _____ тармағына сәйкес _____ теңге мөлшерінде _____ жылдан _____ бастап _____ дейін _____ (жәрдемақының кіші түрі) _____ тағайындалды.	1. В соответствии с пунктом _____ статьи _____ Социального кодекса Республики Казахстан назначено _____ _____ (подвид пособия) в размере _____ тенге с " __ " _____ _____ года по " __ " _____ года .
№ _____ куәлікке қосымша бет Жәрдемақы _____ жылғы " __ " _____ бастап _____ _____ мөлшерде төленеді. Бөлімше басшысы _____ Мөр орны _____ жылғы " __ " _____ бастап есептен шығарылды. _____ аудандық (қалалық) орталық бөлімшесі Жәрдемақы _____ тенге мөлшерінде _____ _____ жылғы " __ " _____ _____ дейін төленді. Бөлімше басшысы _____ Мөр орны	Вкладыш к удостоверению № _____ Выплата пособия производится с " __ " _____ года в размере _____ тенге. Начальник отделения _____ Место печати Снят с учета с " __ " _____ года. _____ районное (городское) отделение Государственной корпорации Выплата пособия в размере _____ тенге произведена по " __ " _____ года. Начальник отделения _____ Место печати
_____ жылғы " __ " _____ бастап _____ жылғы " __ " _____ дейін жәрдемақы төлеу мерзімі ұзартылды немесе оның мөлшері өзгертілді. _____ өзгеруіне байланысты _____ тенге мөлшерінде жәрдемақы тағайындалды. _____ есепке алынды. Бөлімше басшысы _____ Мөр орны	Выплата пособия продлена или изменен размер с " __ " _____ года до " __ " _____ _____ года. Пособие установлено в размере _____ тенге в связи с изменением _____. Принят на учет _____. Начальник отделения _____ Место печати